

следует особо отметить, что для обоих супругов в семьях военнослужащих казахов имеет большую значимость наличие семьи и детей.

1. Алешина Ю.Е., Гозман Л.Я., Дубовская Е.М. Социально-психологические методы исследования супружеских отношений: Учебное пособие. - М.: МГУ, 1987.- 120 с.

2. Олифиревич Н.И., Зинкевич-Кузёмкина Т.А., Велента Т.Ф. Семейные кризисы: феноменология, диагностика, психологическая помощь. – Москва-Обнинск: «ИГ-СОЦИН», 2005. – 356 с.

3. Власова Т.В. Семейные отношения военнослужащих как объект психологического исследования // Психологические проблемы современной российской семьи. Материалы Всероссийской научной конференции. – Ч.1. – М., 2003. – С. 15-27.

* * *

Бұл мақалада қазақ әскери қызметкерлердің отбасындағы ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастары мен өзара әрекеттесулерінің ерекшеліктеріне жүргізілген зерттеулердің нәтижелері көрсетілген. Ерлі-зайыптылар қатынастарында қиындықтар мен ширығу тудыруы мүмкін қарым-қатынастар аясының неғұрлым әлсіз жақтары көрсетілген. Жиі көрсетілген конфликтілер себептері арасында балаларды тәрбиелеу аясына таралатын және қаражаттық ресурстарды билеу сұрақтарына қатысты отбасылық көшбасшы туралы елестету көрсетілген. Зерттеу нтижелері бойынша әскери қызметкерлер өмірінде отбасы мен балалардың ерекше маңызы анықталған.

* * *

The results of the research of characteristics of communication and interaction between the spouses in the families of military personnel are presented. The most vulnerable areas of communication, which can cause difficulties and tensions between spouses are defined. The role of different of views on family leadership, parenting, management of financial resources are stressed.

М.Қ. Бапаева

СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ДАҒДЫЛАРДЫ ИГЕРУІ ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ

Қазіргі білім беру үрдісінің негізгі міндеті – тұлғаның танымдық және интеллектуалды әрекеттерінің, бәсекеге қабілетті шығармашылығын және теориялық білімдерін тәжірибеде ұштастыруын тиімді әдістер арқылы жетілдіруді көздейді.

Оқу іс-әрекетінің нәтижесі дайын өнімді алуда емес, болашақта қайсібір өнімді алуға мүмкіндік беретін тәсілдер мен білімдерді меңгеруге бағытталады. Демек, жоғары мектептің басты міндеті студентті кәсіби маман дайындаумен анықталады.

Жоғары мектеп адамның кәсіптік іс-әрекетке психологиялық даярлығын қалыптастыруы қажет, ең алдымен адамда қоғамның алға тартқан міндеттерін табысты түрде шешуге мүмкіндік беретін психологиялық іс-әрекеттің нақты формаларын қалыптастыруы керек. Оның үстіне, ақыл-ой іс-әрекетінің дамытылған формаларының алғы шарттары мен нышандарының мазмұны мен ерекшелігін байыпты түрде ұғыну, тек жоғары білім беру арқылы іске асырылады, онсыз ғылыми түсініктің болуы мүмкін емес. Психологиялық іс-әрекеттің кез-келген формалары оларға сәйкес жоғары мектептің оқу-тәрбие процесінде құрылатын формаларымен салыстыра отырып қарастырылуы керек.

Адамның білімді меңгеруі педагогикалық процесс, оны психологиялық тұрғыдан қарастырғанда ол сананың, соның ішіндегі кәсіптік сананы қалыптасу процесі деп санауға болады. Оқытушының жеке-даралық сипаттамасында педагогтың кәсіби сана-сезімі маңызды рөл атқарады.

Сонымен, кез-келген білімді берудегі педагогикалық процесс — психологиялық тұрғыдан әрқашан сананы, оның жоғарғы формаларын, оның ішіндегі кәсіптік сананы (маманды жоғары оқу орнында даярлау туралы айтқанда) қалыптастыру процесі. Кәсіптік сананы қалыптастыру міндеттерін табысты шешу үшін біздің ойымызша негіз болатын екі түрлі шарт бар:

Біріншісі, студенттерді болашақ кәсіби іс-әрекеттің мазмұны, формалары, құралдар мен әдіс-тәсілдерін игеруге бағдарлау шарты.

Жоғары білімнің мазмұнын айқындау мен сипаттаудың әдіснамалық тұрғыдан дұрыс жолы, индивидтердің қоғамдық тұрмысының формалары мен нақты іс-әрекеттерін талдауға сүйенген тәсіл. Білім берудің бұл арнаулы сатысының өзі де осындай іс-әрекеттерге дайындау үшін құрылған.

Білім беру процесі сыртқы заттық іс-әрекетінің белгілі формаларын ұйымдастыру мен индивидтің кәсіптік іс-әрекетпен біте қайнасуы арқылы ғана іске асырылуы мүмкін және солай болуы да керек.

Осындай жағдайда адамның мінез-құлқының психологиялық механизмдерін реттестіретін санасының, психикасының белгілі формалары қалыптасады.

Біздің ойымызша, жоғары мектептің көптеген проблемалары оқу материалының мазмұны ретінде білімнің сәйкесті салаларында алынған танымдық іс-әрекеттің нәтижелерінің қарастырылуымен байланысты. Демек, танымдық іс-әрекеттің нәтижелерін ұтымды және тиімді меңгеру, осындай нәтижелерге әкелетін іс-әрекеттің өзі меңгерілгенде ғана мүмкін болмақ. Кәсіптік еңбектің түрлі саласындағы мағына ретіндегі оқытушының іс-әрекеті де тікелей білім беру емес.

Сонымен, дәстүрлі оқу пәні — мазмұны жағынан білімнің сәйкесті саласының қысқаша баяндалуы, "бейнеленудің бейнеленуі" болып табылады, және де оқыту процесінде игерілуге міндетті заттық іс-әрекеттің нәтижесінің таңбалы формасы болады.

Екіншіден, кәсіптік сананы қалыптастырудың тағы да бір маңызды шарты — кәсіби іс-әрекеттің мазмұнын игерудің сапалық деңгейін көрсетеді, оған осы мазмұнды түсіну деңгейі жатады. Студенттің іс-әрекетін материалдың тереңдегі мәнділік сипаттамаларына бағдарлау, жоғары білімді маманның білімі жүйелі болуы керектігін көрсетеді, себебі болмыстың процестері мен құбылыстарын жүйелі түсінгенде ғана студент өз іс-әрекетінде осы болмыстың сәйкесті түрде дамуы мен өзгеруін болжай алады. Сонымен бірге, кез-келген "жүйелі" және "мәнді" білім әрқашанда белгілі деңгейдегі арнаулы, тап осы кезге сай қалыптасқан қоршаған әлемді тану тәсілі.

Белгілі бір жаңа мазмұнды ұғыну, негізінен вербализация, оқушының өз әрекеттері туралы тікелей сөз жүзінде есеп бере алу іскерлігі түрінде қарастырылатыны белгілі. Бұл жерде әдетте ұғыну

— білім алу мен сөзді түсіне білу деген кең тараған көзқарасқа саяды, яғни шын мәнінде игерілетін объектіге байланысты мазмұнды өзгерткіштік іс-әрекеті, ол нақты игерілетін затты бөліп алу емес, тек оқушының ойлау белсенділігінің көрінісі [1].

А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов зерттеулеріне сүйене отырып, вербализацияны (дауыстап сөйлеу)

— ұғынудың тек сыртқы сипаттамасы ретінде қарастыру керек, ал оның ішкі мәні оқушының өз іс-әрекетінің мазмұнына тән мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес қоғамда қалыптасқан позицияны иелене білу іскерлігімен байланысты. Жоғары мектепте мұндай позиция студенттің оқу-әрекетінің мазмұнында, құралдары мен тәсілдерін анықтайтын сәйкесті кәсіптік іс-әрекет шарттары арқылы беріледі.

Ұғынудың ішкі мәнін ашу жалпы түрде таным теориясының сипаттарымен байланысты күрделі психологиялық процес. Оның механизмі мен сипатын субъектінің (адамның) объектіге бағытталған белсенділігі арқылы бейнеленіп, ол қажетті білім ретінде үнемі даму жағдайында болады. Меңгерген мәліметтерді ұғыну әр түрлі әрекеттер нәтижесінде елестермен салыстыру арқылы пайымдалады.

Ұғыну процесінің барынша нәтижелі болуы ең алдымен материалды өзгертуге бағытталған арнаулы түрде ұйымдастырылған оқушының іс-әрекетімен байланысты болатын саналы әрекеті. Мұндай әрекет ұғыну затын, яғни "...оқушы іс-әрекетіндегі мақсаттылықпен байланысты өрістеп отыратын құрылымдық орнын бөліп алумен байланысты. Жоғары мектепте студенттің болашақ кәсіби іс-әрекетінің міндеттерді шешулері үшін елеулі объектілердің қасиеттері таным процесіндегі ұғыну затына айналады. Тұтастай қарастырғанда ұғыну процесінің өзі де осы бағытта дамып, оқушының іс-әрекетіндегі арнаулы құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Олар берілген кәсіптік іс-әрекеттің мақсаттарына сай келгенде, іріктеп алынған маңызды мазмұндарды ұғынатын болады. ұғынуда қолданылатын құралдарының түрлі формалары (материалды, таңбаларды), сөз жүзіндегі оқушылар өздерінің іс-әрекетінде материалды өндеудің түрлі кезеңдеріне ажыратып бейнелейді. Сондықтан да әр түрлі әрекет көзделген мазмұнды ұғынудың тепе-теңдік тәсілі болып саналады [2].

Ұғынылатын мазмұнды вербализациялауда әрекеттің сөйлеу формаларының ерекше рөлін атай отырып, П.Я. Гальперин ұғынудың тікелей объектісі ретінде тек игерілетін әрекетпен оның заттық мазмұны ғана емес, "...және оның қоғамдық санада бейнеленуі де" болады деп көрсетеді

Адамның танымдық әрекеті сөйлеуші үшін ғана емес, оның айналасындағылар үшін де айтылатын сөздің түсінікті болу шарты субъектінің осы әрекетті толық мәнде ұғыну деңгейін көрсетеді. Әрбір нақты жағдайда осындай арнаулы заттық мазмұнды жоғалтқанда және оның тек сөз жүзіндегі формасы сақталғанда "сөздік" және "формальді білімдер" пайда болады. Сонымен, толық мәнді ұғынуды іске асыру үшін оқушының іс-әрекетін арнаулы түрде ұйымдастыру қажет болады. Оқытудың түрлі формаларын тиімді етіп пайдалану, оған зейін аударатын қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету. Қазіргі кезде жоғары мектеп алдында болашақ мамандардың кәсіптік деңгейін көтеру міндеті қойылып отыр. Жоғары оқу орнындағы оқу процесі күрделеніп, оған қойылатын міндеттер, қарқындылығы мен мазмұндылығы жағынан оқытушыдан оқу іс-әрекетін, оның принциптерін, оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің заңдылықтарын психологиялық тұрғыдан терең ұғынуды, және ақыл-ой парасаты дамыған, белсенді тұлғаны қалыптастыруды талап етеді [3].

Тарихи тұрғыда ұстаздың кәсіби іс-әрекетінде оқу мен оқытудың бір-бірінен ереше теориялары қалыптасқан.

- оқу – қайсібір материалды меңгеруші индивидтердің (оқушылардың) күш қуаты;

- оқыту - өзге адамдардың (ұстаздардың) оқу процесін ұйымдастыруға қатысулары.

XX ғасырдың орта шеңінде кеңестік психологиядағы жетекші психологтардың ұсынған оқу әрекетіне қатысты бірнеше психологиялық теориялары бар: соның бірі - *ассоциативті теория* (П.А. Шеварев). Аталмыш теория бойынша оқушыларды заттар мен олардың қасиеттерінің арасындағы байланыстармен таныстырып, сол ассоциацияларды нақты жауап түріндегі әрекеттермен байланыстыруға үйрету қажет. П.А. Шеварев ойлауға үйретудің төмендегідей кезеңдерін көрсетеді:

- оқушыны объектілердің жалпы қасиеттерімен таныстыру;
- нақты типтегі міндеттерді шешу үшін олардың маңызды қасиеттерін анықтау;
- міндеттерді шешу амалдарын ашу;
- жалпылама ассоциацияларды қалыптастыру.

Оқытудың *аналитикалық – синтетикалық негіздері* теориясы (С.Л. Рубинштейн, И.А. Менчинская, Д.Н. Богоявленская). Аталмыш теорияның авторлары оқыту процесін ең жақсы үлгіде түсіндіру мақсатында «ой операциялары» ұғымын пайдаланады:

- ой операциялары анализ бен синтезден құралады.
- ойлауға оқытудың мәні ең алдымен адамды тапсырмалардың нақты сипатына қатысты ой операцияларын жүзеге асыруға үйретуде;
- ой операцияларының жүйесі ақыл-ой іс-әрекетінің тәсілі деп аталады;
- барлық ой операцияларын өңдеуден өткізу дегеніміз нақты тапсырманың негізінде ақыл-ой іс-әрекетінің тәсілін қалыптастыру дегенді білдіреді;

Аталмыш оқыту процесінде теориялық білімдер мен оларды тәжірибеде қолдану амалдарының арасындағы өзара байланыс пайда болады.

Ақыл-ой әрекеттерін сатылап қалыптастыру теориясы (П.Я. Гальперин). Аталмыш теория іс-әрекеттің психологиялық теориясына негізделеді (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн). П.Я. Гальперин әрекеттердің: материалды, сыртқы тілдік және ақыл-ой деген үш түрін қарастырады.

Әрекеттердің материалды формасы оның бастапқы сатысы болып табылады. Әрекеттің материалды формасы әрекет операцияларының қрамын және сол әрекеттердің ретін ашуға мүмкіндік береді.

Әрекеттердің сыртқы тілдік формасы объектінің ауызша сөйлеу формасында берілетіндігін білдіреді. Бұл дыбыстап ойлану немесе сипаттау формасы. Демек тілдік әрекет материалды әрекеттің сипаттамасы болып табылады.

Әрекеттің ақыл-ой формасында ол субъектінің ойында «іштей» жүзеге асырылады. Ақыл-ой әрекеті де материалды әрекеттің сипаттамасы болып табылады.

Дамытпалы оқыту теориясы. (В. Давыдов және Д. Эльконин). Бұл теория Л.С. Выготскийдің ғылыми мектебінің негізгі идеяларының аумағында қарастырылып, оларды дамытып, сипаттайды.

Л.С. Выготскийдің адамның психикалық дамуындағы оқытудың рөлі жайындағы жорамалы психологиялық ғылымға енгізіліп, білім берудің жаңа тәжірибесінде көрініс тапқан «дамытпалы оқыту» ғылыми ұғымына ие болады. Аталмыш ұғым тәжірибеде оқушылардың арнайы оқу іс-әрекетін орындау жолымен жүзеге асырылады. Оқыту психикалық дамуға ұласып, дамудың жақын аймағымен анықталатын шекте жүзеге асырылуы тиіс деген Л.С. Выготскийдің идеясын арқау етеді.

Оқу іс-әрекетінің толыққанды дамуы үшін оқушылар жүйелі түрде оқу тапсырмаларын шешіп отырулары тиіс. Оны шешуде оқушы болашақта оған ешқандай қиындық туғызбайтын нақты сипаттағы жеке тапсырмалардың ортақ тәсілін анықтайды.

Оқу тапсырмасы оқу әрекеттерінің жүйесімен шешімін табады.

- мұғалімнен оқу тапсырмасын қабылдау немесе оқу тапсырмасын өз бетінше құрау;
- зерттелінген объектінің жалпыға ортақ қатынасын анықтау үшін тапсырмалардың шарттарын өңдеу;
- ерекше қарастырылған қатынасты заттық, графикалық және әріптік формада модельдеу;
- ортақ тәсілмен шешілетін жеке тапсырмалар жүйесін құрастыру;
- алдыңғы әрекеттердің орындалуын қадағалау;
- оқу тапсырмасын шешудің нәтижесі ретінде ортақ тәсілдің меңгерілуін бағалау.

Алғашында оқушыға мұғалімнің көмегі қажет болады, алайда болашақта оқушы қажет іскерліктер мен дағдыларды меңгерген соң өз бетінше жұмыс жасай алады.

Қазіргі кезеңде дамытпалы оқыту теориясы оқыту тәжірибесінде кеңінен қолданылуда [4].

Оқу іс-әрекетінің табыстылығы

Студенттердің білімі мен дағдылары, негізінен, танымдық іс-әрекеттері арқылы қалыптасады. Оқыту әрекетінде студенттердің қызығушылығы, қабілеттері, мотивтері (ниеттері), темпераменті мен мінезі тағы басқа да психикалық қырларынан көрінеді. Сондықтан оқытушылар негізгі мақсатқа жету - қандай психикалық процестер, жағдайлар мен қасиеттерге байланысты екенін ажырата білулері керек. Оқу материалын қалай ұтымды пайдалану, теориялық және практикалық даярлығы бар болашақ мамандарды жан-жақты дамытуға қажетті оқыту жағдайларын да білулері қажет.

Оқу материалдарын баяндаудың қисындылығы, олардың мазмұндарының тереңдігі, мақсаттылығы, нақты ғылымның табиғаты мен принциптерін есепке алып отыру - ғылыми әдістеменің аса маңызды шарттары болып табылады. Егер де оқытушы оқыту процесінде мұндай психологиялық факторларды ескермесе әрі есте ұстауға дағдыландырмаса қажетті нәтижеге жете алмайды.

Психологтар оқу іс-әрекетінің табыстылығына ықпал ететін бірнеше факторларды анықтайды. Адамның мотивациялық сферасын құрайтын көптеген мотивтердің ішінен оқу мотивтері ерекше қарастырылады. Л.И. Божович оқу мотивтерінің үлкен екі категориясын көрсетеді. *Біріншісіне* балалардың танымдық қызығушылықтары, интеллектілі белсенділікке, жаңа іскерліктерді, дағдылар мен білімдерді меңгеруге деген қажеттілік – танымдық мотивтер жатады. *Екінші* категорияға әлеуметтік мотивтер – баланың басқа адамдармен араласуға, олардың бағалауы мен мақұлдауына деген қажеттілігі, оқушының өзіне қолайлы қоғамдық қатынастар жүйесінде нақты орын иелену қажеттіліктері жатады.

Тұлғаның мотивациялық сферасының басқа зерттеушілері жетістікке жету мотивациясын және тұлғаның ерікті қасиеттерін ерекше атап көрсетеді.

1. *Жетістікке жету мотивациясы.* Мотивация бұл – адамның тілектері, әуестіктері, қайсібір қажеттілікті қанағаттандыру тілегін қамтитын психологиялық күйі. Оқудың сәттілігі үшін жетістікке жету мотивациясын қалыптастыру қажет. Жетістікке жету мотивациясы бұл – студенттің оқу іс-әрекетіндегі жетістіктерге, нәтижелерге деген ұмтылысы. Жетістікке жету мотивациясы *сыртқы* (қызықты болғандықтан емес, қажет болғандықтан оқимын) және *ішкі* (қызықты болған соң оқимын, өткені маған оқыған ұнайды) деп жіктеледі.

Жетістікке жетудің сыртқы мотивациясын қалыптастыру факторлары

Көбінде аталмыш факторлар педагогикалық болып табылады:

- мұғалімдердің, достарының жетістікке жету мотивацияларын болуы тиіс;
- студентке тапсырмаларды нақты түрде ұсыну;
- студенттің жетістіктерін міндетті түрде бекіту;
- студенттің өз-өзін тек жағымды бағалауын қалыптастыру;
- адамгершілікке, жауапкершілікке және борыш сезіміне тәрбиелеу.

Жетістікке жетудің ішкі мотивациясын қалыптастыру факторлары.

Көбінде аталмыш факторлар психологиялық болып табылады.

- айналадағылардың ішкі мотивацияларының болуы;
- іс-әрекеттің шығармашылық әртектілігі;
- қатаң бақылаудың болмауы;
- асықпау, студенттің қызығушылықпен орындағанын жете түсінуіне мүмкіндік

беру;

- мұғаліммен даярланған тапсырмалардың ішінен еркін таңдау жасау;
- іс-әрекетті орындауда көпшіліктің қатыспауы;
- іс-әрекеттің өзіне және оның сәттілігіне баса назар аудару;
- студенттің өз-өзіне сенімділігі;
- мүмкіндіктер мен қиыншылықтардың тепе-теңдігі;
- эмоциялы көтеріңкі көңіл-күй және жағымды ахуал.

Дағдылар мен іскерліктер

Білімнің рөлін түсіну, оны игерудегі дербестік пен бақылау, әртүрлі міндеттерді шешудегі шығармашылық жеке тұлғаның ақыл-ойының мән-жайын түсініп, оларды бойында қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Білімді белсенді түрде пайдалана отырып меңгеру адамның жеке басындағы іскерлігін қалыптастырып, оларды дағдыға айналдырады. Дағдының тиімді түрде қалыптасуы студенттер өзі әрбір нәрсені терең түсінгенін, оларды игеруге қызығушылығын арттырады. Мұндай жәйттердің оқытушы тарапынан дер кезінде қолдау тауып, көтермеленіп отыруы студенттердің дербестік өз бетімен істейтін жұмыстарын өрістетіп рухтандырып отырады. Тәжірибеден байқалып отырғандай, 2-3 курс студенттер өзіндік зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын игермеген... Өзіндік жұмыстарға дағдыларын қалыптастырудың тиімді құралы — оқыту процесімен байланысты және аудиториямен тікелей қарым-қатынас жасай отырып, оқытушы студенттермен жұмыс жүргізіп оған жүйелі түрде бақылау жасап отырады. Оқытушы мен студенттер арасындағы қарым-қатынастың негізгі формалары тапсырманы іріктеу, студенттер орындайтын жұмыстардың дербестік орындалуын бақылау (тексеру), оларды орындауға кеңес беру сияқты іс-әрекет тәсілдерінен тұрады.. Студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарын бақылап, оларға жетекшілік етіп отыру көп жағдайда олардың үлгерім деңгейін көтеріп, әрбір студенттің жеке басындағы потенциалды мүмкіндіктерін де ашып айқындайды. Жоғары оқу орнындағы практикалық және лекция сабақтары орташа үлгіретін-студенттің жеке дара ерекшеліктеріне есептелгендіктен (мысалы, дайындық деңгейі, қабылдау шапшаңдығы, зейінін шоғырландыру қабілеті, ойлауының икемділігі), ондай сабақтар не қызықсыз, не күрделі болуы мүмкін. Жұмыстың дербестік формалары өзіндік жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік туғызады. Бұл жағдайда түсініксіз материалды түсіндірумен қатар, семинар сабағына тиянақты дайындалу, қажетті материалдарды іздестіру, оларды орындау үшін тиімді әдістемені пайдалану туралы кеңес беріп отыру да пайдалы болмақ. Студентке нақты шешімді айту емес, ұсынылған нұсқаны талқылауда оппонент түрінде көрінген жөн. 3-4

студент үшін ұқсас тапсырмаларды таңдап ұсыну керек, олар жауаптарды талқылағанда әртүрлі шешімдерді тауып, өз пікірлерін қорғауға үйренеді, ал оның өзі жеке тұлғаның танымдық белсенділігін қалыптастырудың маңызды шарты [2].

Дағды – саналы әрекетті орындау процесінде қалыптасатын сол әрекеттің автоматталған элементі.

Кез келген дағды қайсібір сенсорлы белгі түрінде ортаның жағдайы туралы ақпаратты алудың негізінде қалыптасады. Дағдыны қалыптастырудың жалпы сызбасы төмедегідей:

- іс-әрекет процесінде адамға сан рет ұқсас тітіркендіргіштер әсер етеді;
- тітіркендіргіштердің әсерінен субъектіде оларға жауап беруінің нақты бағдарламасы қалыптасады. Олар бекітілген соң, бейсаналы қадағалау деңгейіне көшіріледі.

- кәсіби дағдылар кәсіби дайындық жүйесіне енгізілген арнайы ұйымдас-тырылған жаттығулардың ықпалында қалыптасады.

Жаттығу бұл – дағдыны бекітудің негізгі тәсілі. Дағдының қалыптасуына қажет жаттығулардың саны әрекеттердің психологиялық жүйесінің қалыптасу жылдамдығына байланысты болады. Әрекеттердің психологиялық жүйесі неғұрлым тез қалыптасатын болса, жаттығулардың аз мөлшері қажет болады.

Оқу іс-әрекетінің жалпы құрылымында бақылау (өзін-өзі бақылау) және бағалау (өзін-өзі бағалау) әрекеттері маңызды орын алады. П.К. Анохиннің көрсетуінше, әрекетті орындау күрделі функционалдық жүйкенің кері байланыс немесе кері афферентация механизмі арқылы іске асырылады. Кері афферентацияның (кері байланыс) екі — бағыттаушы және нәтижелешуші формалары бөлініп алынған. Біріншісі, негізінен проприорецептор немесе бұлшық ет импульсі арқылы өтсе, екіншісі әрқашанда кешенді және барлық афференттік белгілерді қамтиды. Осы, екіншісін П.К. Анохин кері афферентация деп атайды.

Функционалды жүйенің жалпы схемасында "қажетті болашақ моделі" (Н.А. Бернштейн бойынша) немесе "әрекет нәтижесінің бейнесі" (П.К. Анохин бойынша) және оның нақты іске асырылуы туралы мәліметті беттестіретін негізгі бөлік "әрекет акцепторы" деп анықталады.

Болжамданған нәтиже мен алынған нәтижені салыстыру, әрекетті ары қарай жалғастырудың (сәйкес келгенде) немесе түзету (сәйкес келмегенде) негізі болады. Яғни, бақылау үш бағытты: 1) қажетті, алынатын әрекет бейнесі, моделі; 2) осы бейнені нақты, істелінген, әрекетпен салыстыру және 3) әрекетті ары қарай жалғастыру немесе түзету (коррекция) туралы шешім қабылдауды қамтиды. Осы үш бағыт субъектінің іс-әрекетті орындауының іштей бақылау құрылымын құрайды.

Сенсомоторлы дағдыны қалыптастырудың анағұрлым толыққанды психофизиологиялық теориясын Н.А. Бернштейн ұсынған болатын. Аталмыш теория конструктивті түрде П.К. Анохиннің мінез-құлық актілерінің модельдері жайындағы тұжырымдамасымен және Б.Г. Ананьев ұсынған психикалық қызметтердің құрылымын талдау теориясымен толықтырылады.

Дағды деңгейіне жетпеген білімдердің деңгейінде әрекеттің жаңа тәсілін меңгерудің аралық кезеңі *іскерлік* деп аталады. Іскерлік психикалық және практикалық әрекеттердің күрделі жүйесін қамтиды. Күрделі әрекеттің нәтижелі орындалуы қалыптасқан іскерліктің сыртқы көрінісі болып табылады. К.К. Платоновтың пікірі бойынша іскерліктердің қалыптасуы бірнеше кезеңдерден өтеді:

- бастапқы іскерлік;

- жеткілікті шеберлікпен орындала қоймаған әрекет;
- дамыған жекелеген іскерліктер (әрекеттің шебер, салыстырмалы аяқталған элементтері);
- жоғары дамыған іскерліктер;
- шеберлік.

Іскерлік сатысындағы саналы бақылау әрекеттің жүйелі-құрылымдық негізінің жедел қайта құрылуын қамтамасыз етеді. Дағды стандартталған формаға ие болғандықтан, оны жүзеге асыру жағдайларының түбегейлі өзгерісінде тепе-тең болмауы мүмкін [5].

Жоғары мектепте оқытудың психологиялық талдамасы студенттердің кәсіби дайындықтарының тиімділігін көтеруді практикалық жағынан ғана қарастырумен шектелмей, ең алдымен бұл мәселе адамның оқуға қабілеттілігін арттырып, оның мүмкіншілігі мен табиғатын түсіну жете мән беруді қажет етеді. Осы ғылыми теорияның мәні қазіргі мәдени жағдайларда бұрынғыдан да артып отыр. Адамның осы заманғы күрделеніп жатқан білімдер ағымынан шеттеп қалмай, ғылыми және техникалық білімдердің күрт даму жағдайына бейімделіп, дербестігін, әлеуметтенуін, оқып білім алу қарқынынан артта қалмауға ұмтылып, күрделі мәселелерді шешіп отыруға талпынуы керек. Психологияда мұндай проблемді мәселе түйінді теориялық маңызы бар проблемалар қатарына жататын адамды оқыту мен дамытуда өзара байланысты түрде шешуді қажет ететін мақсат болып саналады [4]. Психологияда оқу әрекеті адамның арнаулы іс-әрекеті дәрежесіндегі көптен бері сөз болып жүрген өзекті мәселелердің бірі. Бұл мәселенің ерекшелігі оның әмбебаптылығында. Себебі ол кез-келген іс-әрекетті игерудің негізін құрайды. Алайда оқу әрекеті құрылымына қатысты көзқарас бірден айқындалған жоқ, және де бұл проблеманың өзі де салыстырмалы түрде алсақ, әлі жаңаша мәселе.

-
1. Давыдов В.В. Философские психологические проблемы развития образования. М.: Педагогика, 1981. – 176 с.
 2. Леонтьев А.Н. Деятельность, сознание, личность. М.: Политиздат, 1975. – 304 с.
 3. Гальперин П.Я. Развитие исследований по формированию умственных действий. Том 1. - М., 1959. - 469 с.
 4. Талызина Н.Ф. Управление процессами усвоения знания. М.: Издательство МГУ, 1975. – 344 с.
 5. Психология: Учеб.для гуманитарных вузов. Спб.: Питер, 2001. – 556 с.

В данной статье рассматривается структура учебной деятельности, навыки и умения в усвоении знания и необходимость формирования мотивации достижения. А также дан анализ некоторым теориям обучения.

The structure of learning activity, habits and skills of knowledge mastering and the necessity of formation of achievement motivation is considered. An analysis of some theories of education is presented .